

**«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының  
№2 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

15.12.2023ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, балабақша медбикесі, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, есепші

**Күн тәртібі**

1. Балабақшадағы тамақтандыруды ұйымдастыру.
2. Қаржының ашықтығы және демеушілік көмектің қарастырылуы.
3. Балалардың қауіпсіздігі және санитарлық жағдай.

**Тыңдалды**

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі сөз алып, тәрбиеленушілердің сапалы және теңгерімді тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары туралы баяндады. Балалардың тамақтануы бекітілген перспективалық ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылатынын, азық-түлік өнімдерінің сапасы күн сайын тексерілетінін, дайын тағамдардың сапасы бракераждық комиссия тарапынан бақылауға алынатынын атап өтті. Медицина қызметкері ас блогының санитарлық талаптарға сай жұмыс істейтінін, тағамдардың тәуліктік сынамаларының сақталатынын және балалардың дұрыс тамақтануына тұрақты бақылау жүргізілетінін хабарлады. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ас блогын аралап көріп, тамақ өнімдерінің сақталу жағдайымен, дайын тағамдардың сапасымен және асхананың жұмысымен танысты.

Екінші мәселе бойынша балабақша директоры мекеменің қаржысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді. Мемлекеттік қаржының мақсатты жұмсалуды, қажетті шаруашылық тауарларының алынуы және ата-аналар тарапынан міндетті түрде қаржы жиналмайтыны түсіндірілді. Оқу жылы барысында көрсетілген демеушілік көмектер (болған жағдайда) заң талаптарына сәйкес қабылданып, мақсатты пайдаланылғаны туралы мәлімет берілді. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері қаржының ашықтығын қамтамасыз ету жұмыстарын оң бағалап, ақпараттың ата-аналарға тұрақты түрде жеткізіліп отыруын ұсынды.

Үшінші мәселе бойынша директор балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Балабақша аумағының қауіпсіздігі, ойын алаңдарының жарамдылығы, өрт қауіпсіздігі құралдарының жағдайы, бейнебақылау жүйесінің жұмысы және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы ақпарат берілді. Медицина қызметкері топ бөлмелерінде күнделікті ылғалды тазалау, желдету, кварцтау жұмыстарының кестеге сәйкес жүргізілетінін хабарлады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшадағы санитарлық жағдай мен қауіпсіздік талаптарының сақталуына қанағаттанарлық баға берді.

## Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе Қамқоршылық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Балабақшадағы тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Ас мәзірінің талапқа сай орындалуы мен дайын тағамдардың сапасына тұрақты бақылау жүргізілсін.

Қаржының ашықтығын қамтамасыз ету және ата-аналарды атқарылған жұмыстар туралы уақтылы хабардар ету жалғастырылсын. Демеушілік көмектер болған жағдайда заңнама талаптарына сәйкес қабылданып, мақсатты пайдаланылсын.

Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау және өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы тұрақты бақылауда ұсталсын. Қамқоршылық кеңесі мүшелері тоқсан сайын балабақшадағы тамақтану сапасы мен санитарлық жағдайға қоғамдық бақылау жүргізіп отырсын.



Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди

Хатшы Хайруллина Диана

*Handwritten signature in blue ink.*